1) **KASE** биражасы– «Қазақстандық қор биржасы» АҚ, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) **ҚЕД** – Қаржылық есептілік депозитарийі;

3) **Инсайдер** – Компанияның инсайдерлік ақпараттарына кіру рұқсаты бар тұлға;

4) **Инсайдерлік ақпарат** - бағалы қағаздар, (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

5) **Компания** - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы;

6) **БАҚ** – бұқаралық ақпарат құралдары (баспа басылымдары және/немесе веб-сайттар);

7) **Қоғамның корпоративтік оқиғалары** – Компанияның бағалы қағаздарының нарықтық құнына, Компания туралы инвесторлардың біліктілік пікіріне, Компанияның перспективалы дамуына, Компанияны басқаруға және бақылауға әсер ететін, инвесторлардың мүдделерін қозғауы мүмкін, Компанияның ағымдағы қызметіндегі кез келген маңызды оқиғалары. Корпоративтік оқиғалар тізбесі Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 102-бабына және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 79-бабына сәйкес анықталады;

8) **Бағалы қағаздар** - мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы;

9) **Эмитент** - эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын іске асыратын тұлға;

10) **Эмиссиялық бағалы қағаздар** – бір шығарылым шегінде біртекті белгілері мен реквизиттері болатын, осы шығарылым үшін бірыңғай жағдайлар негізінде орналастырылатын және айналымға түсетін бағалы қағаздар;

11) **Уәкілетті орган** - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті.

### **III тарау. Компанияның инсайдерлік ақпараттарының тізбесі**

4. Компанияның инсайдерлік ақпараты – Компанияның бағалы қағаздары, олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ Компания акцияларын шығарған эмитент ретінде Компания, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі Компанияның бағалы қағаздар құнының өзгеруіне және олардың эмитенті ретінде Компания қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

5. Мыналар инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) Компанияның бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жасалған бағалы қағаз (туынды қаржы құралы) құнына, Компанияның мүліктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) дерек көзі беймәлім, қалың қауымға таралатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Компанияның ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

4) Компанияның ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты уәкілетті органдардың көпшілік алдындағы ақпараты.

### **IV тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібі мен мерзімдері**

6. Компания Компанияның инсайдерлік ақпаратын корпоративтік веб-сайтында орналастыру арқылы және мемлекеттік және орыс тілдерінде интернет-ресурстарда орналастыру үшін ҚЕД мен Биржаға жіберу арқылы ашады.

7. Компания төмендегідей инсайдерлік ақпараттарды ашады:

1) ҚЕД мен Биржаға жіберу, БАҚ жариялау арқылы қаржылық есептілік бөлігінде (Компания қызметінің қорытындысы):

- тоқсандық есеп:

а) Биржаның листингілік ережесіне сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаға жіберіледі;

б) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның ішінде Компанияның корпоративтік веб-сайтында (шоғырландырылған бухгалтерлік балансты және пайда мен зиян туралы есепті) орналастыру арқылы БАҚ жарияланады;

в) интернет-ресурстарда (веб-сайттарда) орналастыру мақсатында тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есептілік (бухгалтерлік балансты және пайда және зиян туралы есепті) және басқа да қажетті ақпараттар ҚЕД мен Биржаға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады;

- жылдық есептілік: Биржаның листингілік ережесіне сәйкес есептіден кейінгі жылдың 31 тамызына дейін Биржаға жіберіледі, есептіден кейінгі жылдың 01 маусымына дейін БАҚ жарияланады, Уәкілетті органға жылдық қаржылық есептілікті ұсынғаннан кейін бір ай ішінде Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналастырылады, аудиторлық ұйыммен расталған шоғырландырылған және жеке жылдық есептілік Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған мерзімде ҚЕД интернет-ресурстарында (веб-сайтында) жарияланады;

2) корпоративтік оқиғаларға қатысты – ҚЕД мен Биржаның интернет-ресурстарында орналастыру үшін мынадай корпоративтік оқиғалардың туындағаны туралы ақпаратты мәліметіне дейін жеткізу:

- бұл мәселелер туралы ақпаратты Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізуге тиіс, акционерлердің жалпы жиналысы және директорлар кеңесі олардың тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер;

- Компанияның бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Компанияның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Компанияның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

- Компанияның ірі мәмілелерді және жасалуына Компания мүдделі мәмілелерді жасасуы;

- Компанияның активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

- Компанияның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;

- қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға Компанияның лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

- Компанияның заңды тұлға құруға қатысуы;

- Компания мүлкіне тыйым салынуы;

- нәтижесінде баланстық құны Компания активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Компания мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

- Компанияның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапқа тартылуы;

- сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

- Компанияны мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

- Компанияның жарғысына, сондай-ақ Компанияның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Компания акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Компаниямен ұсынылады, олар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлерге хабарланады). ҚЕД сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) Компания алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

3) бағалы қағаздарды ұстаушыларының мүдделері қозғалатын Компания қызметіндегі өзгерістерге қатысты –Уәкілетті органға ақпаратты беру арқылы, ҚЕД интернет-ресурстарында (веб-сайтында) ақпаратты орналастыру, БАҚ ақпараттарды жариялау арқылы төменде көрсетілген өзгертулер туындаған кезеңнен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде:

- Компания органдары құрамының өзгерістері;

- дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін (үлесін) иеленетін акционерлер (қатысушылар) құрамының өзгерістері;

- Компанияның еншілес ұйымдарының және тәуелді ұйымдарының қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы;

- Компанияның мүлкіне тыйым салынуы;

- Компания активтерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомада Компания мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

- лицензиясының алынуы, тоқтатыла тұруы немесе одан айыру;

- акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының шешімі;

- Компания әрбір осындай ұйым акцияларының он және одан да көп процентін (үлесін, пайын) иеленетін ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;

- эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер;

- Компанияның мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісінде көзделген талаптарды сақтамауы, Компания жол берген дефолт фактілері туралы ақпаратты бағалы қағаздарды ұстаушыларының мәліметіне дейін жеткізу.

## **V тарау. Компанияның инсайдерлерін анықтау**

8. Төмендегілер Компанияның инсайдерлері болып табылады:
- 1) Төраға және Директорлар кеңесінің мүшелері;
  - 2) Төраға және Басқарма мүшелері;
  - 3) Басқарма құрамына кірмейтін басқарушы директор, Корпоративтік хатшы, Компанияның бас бухгалтері, Компанияның Аппарат басшысы;
  - 4) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар басшылар мен бөлімше қызметкерлері;
  - 5) Компанияның орналастырылған жай акцияларының 10% көбін тікелей және жанама ұстаушылары болып табылатын жеке тұлға;
  - 6) Компанияның орналастырылған жай акцияларының 10% көбін тікелей және жанама ұстаушылары болып табылатын заңды тұлға;
  - 7) Компанияның қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйым;
  - 8) бағалаушы, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар және талаптарында Компанияның инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес Компанияға қызметтер көрсететін басқа да тұлғалар;
  - 9) Компания шығарған бағалы қағаздар оның тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;
  - 10) Биржа директорлар кеңесінің, биржа листинг комиссиясының және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді айлы-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану мәселелерін қарау мақсатында құрылған, (сауда жүйесінде Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын) Биржа сараптама комитетінің мүшелері;
  - 11) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау бойынша өздеріне берілген функцияларға қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар мемлекеттік қызметшілер;
  - 12) мүшелері ұйымдар болып табылатын, осы тармақтың б) 9) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай Компанияның инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар;
  - 13) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар, осы тармақтың б) 9), 12) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері;
  - 14) осы тармақтың 1)-13) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан ақпараттар алған тұлғалар.

## **VI тарау. Инсайдерлердің тізімін жүргізу және сайма-сай қалпында ұстау тәртібі**

9. Инсайдерлер тізімін жүргізу және сайма-сай қалпында ұстау Компания Басқармасымен тағайындалған жауапты бөлімшемен/жауапты тұлғамен іске асырылады. Компания инсайдерлер тізіміне Ереженің 8-тармағының 1)-9) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды қосады. Инсайдерлер тізімі Компанияның құрылымдық бөлімшелерімен ұсынылатын ақпараттар негізінде жауапты бөлімшемен/жауапты тұлғамен тоқсан сайын құрастырылады.

10. Ереженің 8-тармағының 4)-9) тармақшасында көрсетілген тұлғалар бойынша ақпарат, жауапты бөлімшеге/жауапты тұлғаға ұсынылатын, онда төмендегілер туралы деректер болуы тиіс:

1) жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса әкесінің аты), оның туылған күні, адресі/орналасқан жері, электрондық пошта адресі, байланыс телефоны;

2) заңды тұлғаның атауы, адресі/орналасқан жері, электрондық пошта адресі, байланыс телефоны, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжат деректемелері;

3) инсайдерлер тізіміне ендіру негіздемелері;

4) инсайдерлер тізіміне ендіру үшін негіздемелер пайда болған күні;

5) инсайдерлер тізімінен шығарылған күні.

11. Ереженің 9-тармағында көрсетілген бөлімше басшысы ұсынылған ақпараттар толықтығын және дұрыстығы үшін, оны ұсыну мерзімдерінің сақталуы және оны маңызды ақпараттармен толықтыру (оның ішінде инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) үшін жеке жауап береді.

12. Ереженің 8-тармағының 4)-9) тармақшасында көрсетілген тұлғалар бойынша ақпарат, Компанияның құрылымдық бөлімшелерімен жауапты бөлімшеге/жауапты тұлғаға ұсынылады (немесе ертерек берілген ақпараттың өзектілігі расталады):

1) бірінші рет – осы Ережені бекіткен күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде;

2) одан кейінгі – өткен есептілік кезеңдермен салыстыру бойынша болған өзгертулер туралы ақпаратты көрсетумен есептілік тоқсаннан кейінгі бірінші айдың бірінші күні жағдай бойынша 10 күнтізбелік күн ішінде тоқсан сайын.

13. Алынған ақпараттар негізінде Компанияның жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы:

1) есептілік кезеңнен кейінгі бірінші айдың бірінші күні инсайдерлердің бірыңғай тізімін құрастырады;

2) инсайдерлердің тізімін Компания Басқармасына бекітуге шығарады. Өткен есептілік кезеңмен салыстыру бойынша өзгертулер болмаған жағдайда мәселе Басқарма қарауына ендірілмейді.

Компания Басқармасымен бекітілген инсайдерлер тізімі Компания мұрағатында сақталады.

14. Компанияның жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы әрбір күнтізбелік тоқсан өткеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде тоқсан сайын Биржаға аталған тоқсаннан кейінгі бірінші айдың бірінші күні жағдай бойынша инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділігі бар тұлғалар туралы, оның ішінде өткен есептілік кезеңмен салыстыру бойынша болған өзгертулер жөнінде ақпаратты ұсынады.

## **VII тарау. Инсайдерлер тізіміне ендірілгендігі немесе инсайдерлер тізімінен шығарылғандығы туралы тұлғаларға хабарлау тәртібі және мерзімдері**

15. Компанияның жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы инсайдерлер тізіміне енгізілгені немесе инсайдерлер тізімінен шығарылғандығы туралы тұлғаларға жазбаша хабарлайды (осы Ереженің № 1 және №2 қосымшалары).

16. Хабарламаны осындай тұлғалар инсайдерлер тізіміне енгізілген (инсайдерлер тізімінен шығарылған) күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жібермейді. Хабарлама инсайдерлер тізіміне ендірілген тұлғаларға бөлімше басшыларымен ұсынылған олардың адресіне электронды поштамен жіберіледі.

17. Ереженің 8-тармағының 1)-9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар ендіру үшін (сайлау, тағайындау, акция сатып алу, шарт жасау және т.б.) негіздемелер пайда болған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей инсайдерлер тізіміне ендіріледі және тізімнен шығару үшін (өкілеттілігі тоқтатылған, акцияны сатқан, шарт тоқтатылған және т.б.) негіздемелер пайда болған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей шығарылады, егер Компания мен осы тұлғалар арасында құпиялылықты сақтау туралы келісім жасалмаған болса. Аталған келісім болған жағдайда осы тұлғалар құпиялылық туралы келісімде көрсетілген Компанияның инсайдерлік ақпаратына қатысты

құпиялылықты сақтау бойынша міндеттемелер мерзімі өткен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей шығарылады.

### **VIII тарау. Компанияның инсайдерлері болып табылмайтын ұйымдарға Компания ақпараттарын беру тәртібі**

18. Ереженің 8-тармағының 6)-9) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар төмендегілерді сақтауға міндетті:

1) осы заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдалануға және осы Ережемен тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптары туралы өз қызметкерлеріне (оның ішінде лауазымды тұлғаларына) ақпарат беруге;

3) осындай қызметкерлермен (оның ішінде лауазымды тұлғалармен) Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қатысты құпиялылық режимін сақтау туралы кіру рұқсаты бар қызметкерлермен келісім жасауға. Сонымен қатар осы келісімде бұл қызметкерлер осы қызметкерге (оның ішінде жұмыстан босатылған кезде) Компанияның инсайдерлік ақпараты ашылған соңғы күннен бастап ең азы 5 (бес) жыл ішінде Компанияның инсайдерлік ақпараты оған белгілі болуына байланысты құпиялылықты сақтауы тиіс;

4) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы - Компанияның инсайдерлік ақпаратына қол жетімділік қызметкерлерге (оның ішінде лауазымды тұлғаларға) берілген Компанияның инсайдерлік ақпаратына қызметкерлерге (оның ішінде лауазымды тұлғаларға) қол жетімділігі тоқтатылған (жойылған) күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Компанияға жазбаша ақпарат беруге;

5) Компанияның инсайдерлік ақпаратына қатысты құпиялылықты сақтау бойынша міндеттемелер мерзімі өтетін күні туралы қызметкерлерге хабарлауға (осындай қызметкерге Компанияның инсайдерлік ақпараты белгілі болған соңғы күннен бастап 5 (бес) өткенге дейін);

19. Ереженің 8-тармағының 6)-9), 12) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар Компанияның инсайдерлік ақпаратын және осы Ережені пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнама талаптарын сақтауға, Компанияға және өз қызметкерлеріне (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) Компанияның инсайдерлік ақпаратына қызметкерлерге (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) қол жетімділікті беру және/немесе қол жетімділікті тоқтату (жою) туралы уақытылы ақпарат беру үшін өз бетінше жауап береді.

### **IX тарау. Компанияның инсайдерлер тізіміне/инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділік және пайдалану ережесі**

20. Инсайдерлер тізімі құпия болып табылады. Компания ішінде инсайдерлер тізіміне кіру рұқсаты Компания Директорлар кеңесіне, Басқарма Төрағасына, Басқарма құрамына кірмейтін Басқарушы директорға, Корпоративтік хатшыға, Компанияның Бас бухгалтеріне, Компанияның Аппарат басшысына, Компания басшыларына және өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар бөлімше қызметкерлеріне беріледі.

21. Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қол жетімділігі бар тұлғалар туралы мәліметтер «Листингілік ережелердің» 27 бабының 4-3 тармақтарына сәйкес Биржаның арнайы бөлімшелерінің жазбаша сұраныстары бойынша, Уәкілетті органдардың

талаптары бойынша және ол талаптар мен сұраныстарда көрсетілген мерзім ішінде тоқсан сайын Биржаға ұсынылады.

22. Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қол жетімділік шектеулі. Компанияның бағалы қағаздарын иелену күшіне қарай, Компаниямен үлестес, Компанияның басқарушы органдарына мүше, Компаниямен немесе оның үлестес тұлғасымен еңбек шартына немесе азаматтық-құқықтық шартына отырған үлестес тұлғалар және т.б. инсайдерлер Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қол жетімділік алу құқығына ие болады.

23. Компанияның инсайдерлеріне кез келген уақытта мына әрекеттерді жасауға тыйым салынады:

1) Бағалы қағаздар нарығында туындаған жағдайларға, сондай-ақ нарықтағы Компания (эмитент) туралы көзқарасқа немесе Компанияның болашақтағы бағалы қағаздарының бағасына әрекет ету мақсатында Компания туралы жалған немесе дұрыс емес мәліметтерді таратуға;

2) Бағалы қағаздар нарығында айналыс асыру мақсатында Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілеге отыруға;

3) Өз мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін Компанияның инсайдерлік ақпараттарын заңсыз пайдаланып Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілеге отыруға;

4) Заңнамамен және/немесе осы ережемен қарастырылмаған басқа жағдайларда Компанияның инсайдерлік ақпараттарын үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетімді етуге;

5) Үшінші тұлғаларға Компанияның инсайдерлік ақпараттарын негізгі ала отырып, Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілеге отыру туралы ұсыныстар жасауға;

24. Инсайдерлер Компанияның инсайдерлік ақпараттары бар құжаттарға уәкілеттегі жоқ тұлғалардың қол жетімділігіне тиісті бақылау жасалынуын қамтамасыз етуге міндетті, сондай-ақ, уәкілетті емес тұлғалар – Компанияның қызметкерлері сияқты немесе/және инсайдерлік ұйымдар, Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қол жетімділігі жоқ үшінші тұлғалар естіп қоятын кез келген жерде аталған ақпараттарды талқыға салмауы тиіс.

## **Х тарау. Компанияның инсайдерлік ақпараттарын заңсыз пайдалануға жол бермеуді қадағалау**

25. Инсайдерлердің Ереже талаптарын сақтауына бақылау жасау мына жолдармен жүргізіледі:

1) Инсайдерлерді Қазақстан республикасының заңнамалары мен осы Ереженің талаптарымен таныстыру;

2) Компания акционерлері тізімінің мониторингі;

3) Компанияның бағалы қағаздарына деген нарықтық (биржалық) баға мониторингі;

4) Егер инсайдерлер осы Ережемен тыйым салынған әрекеттерді жасаған жағдайда Компанияның Директорлар кеңесімен немесе Басқармасымен оларға қатысты шаралар (Ереженің 8 тармағының 1) -4) тармақшаларында көрсетілген) қолдану жолымен;

26. Инсайдерлермен Компанияның бағалы қағаздарымен жасалынған мәмілелер туралы ақпараттарға талдау жасау үшін, осы Ережелер талаптарының инсайдерлермен қатаң сақталуына бақылау жасау үшін Компания Басқармасының шешімімен Компанияның жауапты құрылымдық бөлімшесі/жауапты тұлға тағайындалады.

27. Инсайдерлерді осы ережемен таныстыру Ережені Компанияның корпоративтік веб-сайтында ([www.kmc.kz](http://www.kmc.kz)) орналастыру арқылы жүргізіледі. Ереженің қағаз тасымалдаушыдағы көшірмесі Компанияның инсайдерлеріне олардың жазбаша берген сұранысы бойынша беріледі.

28. Компанияның жауапты құрылымдық бөлімшесі/жауапты тұлғасы ай сайын бағалы қағаздарды ұстаушы инсайдерлер тізіміне жазылу/шығып қалу жағдайына қарай немесе олардағы Компанияның бағалы қағаздарының саны туралы мониторингін жасайды. Мониторинг ай сайын, жауапты бөлімше/жауапты тұлға Компания акционерлерінің тізімін алған күннен бастап, 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Аталған мониторинг нәтижелері Басқарма Төрағасына жіберіледі.

29. Компанияның жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы Биржадағы Компанияның бағалы қағазына туындаған жағдайларға сәйкес бағаға мониторинг жүргізеді, егер Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдаланып жасалынған мәмілелер туралы күдіктер туындаған жағдайда немесе бағалы қағаздар нарығында айналыс асыру әрекеттеріне немесе рұқсатсыз ақпараттарды таратуға жол берілген болса, онда ол туралы ақпаратты тез арада Басқарма Төрағасына жіберуге.

30. Егер Инсайдер Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілеге отыратын болса, онда ол кез келген уақытта осындай мәмілеге отырғаннан кейін Компанияны жазбаша түрде хабардар етеді, және ол хабарламада мына ақпараттар көрсетіледі:

- 1) Инсайдердің атауы және/немесе аты-жөні;
- 2) Мәміленің мазмұны (сатып алу, сату, опцион және т.б.) бағалы қағаздардың бағасы, бағалы қағаздардың саны, мәмілелерді жасау мерзімі);
- 3) Мәмілеге отыру мақсаттары;
- 4) Осы Ережемен белгіленген тыйым салуларды бұзу себептері (егер тыйым салулар бұзылған болса) көрсетіледі.

Ереженің осы тармағымен қарастырылған хабарлама жіберу мерзімі мәмілеге отырғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні.

Компанияның жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы инсайдерлерден жасалынған мәміле туралы, оған қоса аталған мәмілені қаржыландыру көздері туралы қосымша ақпараттарды сұрауға құқы бар.

31. Егер Компанияның жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы:

- Инсайдерлердің Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдалану арқылы және/немесе Ереженің 23 тармағын бұзу жолымен жүзеге асырған әрекеттерін байқаса;
- Егер бағалы қағаздар нарығында Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдаланып жасалынған әрекеттерге немесе рұқсатсыз ақпараттарды таратуға жол берілген болса немесе бағалы қағаздар нарығында айналыс асыру әрекеттері байқалатын болса;

онда ол туралы ақпаратты тез арада Басқарма Төрағасына хабарлауға міндетті, Басқарма Төрағасы ол ақпаратты Компанияның Директорлар кеңесіне хабарлайды, Директорлар кеңесі оларға қарсы шаралар қолдану үшін жақын арада өтетін жиналыста ол мәселені талқыға салады.

32. Осы Ережемен инсайдерлерге тыйым салынған талаптарды бұзу туралы ақпараттар келіп түскен жағдайда Басқарма Төрағасы немесе Директорлар кеңесі инсайдерлерге қолданылатын шаралар туралы шешімдерді қолдануға құқы бар атап айтқанда (бірақ олармен ғана шектелмей):

- Ереженің талаптарын бұдан әрі бұзуға жол бермеу туралы;
- Ереженің талаптарын сақтауға қатаң бақылау жасау;
- Компанияның бағалы қағаздарымен жасалынған мәміле туралы ақпаратты, ол мәмілені бағалы қағаздар нарығында айналыс асыру әрекеттері деп тануы үшін уәкілетті органға жіберуге;
- Тәртіптік жаза қолдану арқылы өндіріп алу шаралары, егер олар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес қолданылатын болса;
- Инсайдерлердің әрекеттері салдарынан Компанияға келтірілген материалдық шығындар/іскерлік мәртебесіне келтірілген залалдарды өндіріп алу туралы талаптарды қолдануға;



- Қылмыстық іс қозғау үшін (егер қылмыстық іс-әрекеттер байқалса) материалдарды құқық қорғаушы органдарға жіберуге;

- Басқа да шараларды қолдануға.

Бағалы қағаздар нарығында Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдаланып жасалынған әрекеттерге немесе рұқсатсыз ақпараттарды таратуға жол берілгендігі туралы немесе бағалы қағаздар нарығында айласын асыру әрекеттерінің байқалғандығы туралы ақпараттар келіп түскен жағдайда Компанияның Уәкілетті органы мына шешімдерді (бірақ ол шешімдермен ғана шектелмей басқа да шаралар қолданылуы мүмкін) қабылдауға құқы бар:

- Кінәлі тұлғаларды немесе ақпараттарды таратқан көздерді анықтау үшін қызметтік тексерулерді жүргізу туралы шешімдерді;

- Нақты жағдайды баяндау үшін Компаниямен баспасөз-хабарламасын жарыққа шығару туралы шешімдерді;

- Биржаға, қаржылық қадағалау органдарына немесе сот органдарына хабарлау туралы шешімдерді;

- Қолданыстағы заңнамалар шеңберінде басқа да шараларды қолдану туралы шешімдерді қабылдауға құқы бар.

## **XI тарау. Қорытынды ережелер**

33. Инсайдерлік ақпараттарды ашу тәртіптері мен мерзімдері бойынша Компанияның құрылымдық бөлімшелері арасындағы бірлесіп әрекет ету үрдістері Компанияның Бизнес үрдістерімен реттеледі.

34. Компанияның Инсайдерлері осы Ережемен таныса келе төмендегі жағдайлармен келіседі:

- Осы ережені бұзғаны үшін және бағалы қағаздар нарығында айласын асыру мақсатында мәмілеге отырғаны үшін, соның ішінде Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдаланғаны үшін Инсайдерлер Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және/немесе Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілеге отырған елдің территориясында қолданылатын заңнамалармен қарастырылған тәртіппен жеке өздері жауап беретіндігімен;

- Компанияның уәкілетті органға және/немесе Биржаның арнайы бөлімшелеріне инсайдерлер туралы немесе бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпия деп танылатын, олармен жүзеге асырылған мәмілелер туралы ақпаратты беруге құқығы бар екендігімен;

- Компания Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілеге отыру кезінде инсайдерлердің клиенттік бұйрықтарын орындамауына құқы бар, бұл кезде аталған бұйрықты орындаудан бас тарту әрекеттері Компанияның инсайдерлер алдындағы олардың клиент ретіндегі келісілген міндеттемелерін орындамады дегенге жатқызылмайтындығымен келіседі.

35. Осы Ережемен реттелмейтін басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес реттеледі.

**«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы»  
Ипотекалық Ұйымы» акционерлік  
қоғамының инсайдерлер  
ақпараттарына қол жетімділікті  
ішкі бақылау ережесіне № 1 қосымша**

Жеке тұлғаны «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ инсайдер мәртебесін  
алғандығы туралы  
**ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) осы арқылы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның аты-жөні) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_  
жылдан бастап «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 56-1  
бабының 3 тармағына сәйкес Компанияның инсайдері деп танылатындығы туралы  
хабарлайды.

Осы айтылғандарға байланысты, Сіз, Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдалану/таратуға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын, оған қоса, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңының, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамының инсайдерлер ақпараттарына қол жетімділікті ішкі бақылау ережесінің (Компанияның //kmc.kz/ веб-сайтында орналастырылған) талаптарын қатаң сақтауға, сондай-ақ:

- 1) Компанияның инсайдерлік ақпараттарын эмитенті Компания болып табылатын бағалы қағаздармен (туында қаржы құралдарымен) мәмілеге отыру кезінде пайдаланбауға;
- 2) Компанияның инсайдерлік ақпараттарын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетімді етпеуге;
- 3) Үшінші тұлғаларға Компанияның инсайдерлік ақпараттарына негізделген бағалы қағаздармен мәмілеге отыру туралы ұсыныстарды бермеуге;

Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын, Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамының инсайдерлер ақпараттарына қол жетімділікті ішкі бақылау ережесінің талаптарын бұзғаныңыз үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауап бересіз.

**«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы»  
Ипотекалық Ұйымы» акционерлік  
қоғамының инсайдерлер  
ақпараттарына қол жетімділікті  
ішкі бақылау ережесіне № 2 қосымша**

Заңды тұлғаны «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ инсайдер мәртебесін алғандығы туралы

**ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) осы арқылы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы) (бұдан әрі-Ұйым) «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылдан бастап мына себептерге байланысты:

○ Компанияның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызына тікелей немесе жанама түрде иелік етіп, оны пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығына ие болуыңызбен байланысты;

○ Эмитенті Компания болып табылатын бағалы қағаздар (туынды қаржылық құралдар) енгізілген тізімдегі сауда-саттықтың ұйымдастырушысы болып табылатындықтан;

○ Талаптарында Компанияның инсайдерлік ақпараттарын ашу қарастырылған шарттарға отырумен байланысты Компанияға қызметтер көрсететін аудитор болғандықтан;

○ Талаптарында Компанияның инсайдерлік ақпараттарын ашу қарастырылған шарттарға (соның ішінде ауызша да) отырумен байланысты Компанияға қызметтер көрсететін бағалаушы болғандықтан;

○ Талаптарында Компанияның инсайдерлік ақпараттарын ашу қарастырылған шарттарға (соның ішінде ауызша да) отырумен байланысты Компанияға қызметтер көрсететін заңды тұлға болғандықтан;

Сіздің Ұйымыңыз Компанияның инсайдері деп танылатындығы туралы хабарлайды.

Осы айтылғандарға байланысты, Ұйым, Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдалану/таратуға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын, оған қоса, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңының, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамының инсайдерлер ақпараттарына қол жетімділікті ішкі бақылау ережесінің (Компанияның //kmc.kz/ веб-сайтында орналастырылған) талаптарын қатаң сақтауға, сондай-ақ:

1) Компанияның инсайдерлік ақпараттарын эмитенті Компания болып табылатын бағалы қағаздармен (туында қаржы құралдарымен) мәмілеге отыру кезінде пайдаланбауға;

2) Компанияның инсайдерлік ақпараттарын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетімді етпеуге;

3) Үшінші тұлғаларға Компанияның инсайдерлік ақпараттарына негізделген бағалы қағаздармен мәмілеге отыру туралы ұсыныстарды бермеуге;

4) Компанияның инсайдерлік ақпараттарына өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттемелеріне байланысты қол жетімділікке ие қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

5) Өз қызметкерлерін Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдалануға тыйым салынатын бөлігіндегі Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын, оған қоса, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңының, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамының инсайдерлер ақпараттарына қол жетімділікті ішкі бақылау ережесінің талаптары туралы ақпараттандыруға;

б) Компанияға «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамының инсайдерлер ақпараттарына қол жетімділікті ішкі бақылау ережесімен белгіленген тәртіп пен мерзім ішінде Компанияның инсайдерлік ақпараттарына өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттемелеріне байланысты қол жетімділікке ие қызметкерлері туралы ақпарат беруге;

7) Ұйым мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктерді және өзін-өзі реттейтін ұйымдарды Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын, оған қоса, Компанияның инсайдерлік ақпараттарын пайдалануға тыйым салынатын бөлігіндегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңының талаптарын, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамының инсайдерлер ақпараттарына қол жетімділікті ішкі бақылау ережесінің талаптарын (егер ол ұйымдар Компанияның инсайдерлік ақпараттарын жариялаған жағдайда) қатаң сақтау қажеттілігі туралы хабардар етуге;

8) Компанияға «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ инсайдерлер ақпараттарына қол жетімділікті ішкі бақылау ережесімен белгіленген тәртіп пен мерзім ішінде Компанияны Ұйым мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар туралы (егер ол ұйымдар Компанияның инсайдерлік ақпараттарын жариялаған жағдайда) ақпараттандыруға.

Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын және/немесе Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ инсайдерлер ақпараттарына қол жетімділікті ішкі бақылау ережесінің талаптарын бұзғаны үшін Ұйым (лауазымдық тұлғаларымен қоса) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауап береді.